

Түркістан облысы
Сайрам ауданының білім бөлімі

«Қазына» бөбекжайы

**Педагогикалық кеңес отырысының
хаттамалары**

«Қазына» бөбекжайы

№1 Педагогикалық кеңес отырысының хаттамасы

Өтілген күні: 28 тамыз

Қатысқандар: 17 педагог қызметкери

Тақырыбы: «Бөбекжайдың жаңа оқу жылына дайындығы мен бөбекжай қызметінің негізгі бағыттары».

Мақсаты: 2023-2024 оқу жылының жұмыс жоспары және негізгі жылдық міндеттерімен талқылау, бекіту.

Күн тәртібі:

1. Педагогикалық кеңес құрамын бекіту, хатшысын сайлау, педагог ұжымына жылдық жоспар бөлімдерін талдау, бекіту.

Менгеруші: Бегалиева Э.А.

2. Жазғы сауықтыру жұмысының қорытындысы.

Медбике: Рахманова.Д

3. Жаңа оқу жылының әдістемелік нұсқаулық хаты, үлгілік оқу жоспарымен таныстыру. Күн тәртібін, үйымдастырылған іс-әрекет кестесін, тәрбиешілер мен мамандарды бекіту.

4. Аттестация комиссиясының құрамын сайлау.

5. Дамыту орталықтарының құрамын бекіту.

6. Шығармашылық топ мүшелерін сайлау.

Менгеруші: Бегалиева.Э.А.

7. Жас ерекшеліктеріне қарай топтарды бекіту.

Әдіскер: Тулениева.А.Б.

8. Ағымдағы мәселелер.

I. Тыңдалды.

Бөбекжай менгерушісі Э.Бегалиева оку жылының басталуымен құттықтай отырып, күн тәртібіндегі қаралатын мәселелермен таныстырды. 2022-2023 оку жылы бойынша есеп берді, атқарылған жұмыстарды атап өтті. Жылдық жоспардың бөлімімен жасалу принциптерімен, бөбекжайдың жұмыс бағыты, мақсат міндеттерімен таныстырылып өтті.

II. Тыңдалды.

Медбике Рахманова. Дина сөз алды Жазғы сауықтыру кезеңіндегі жұмысының қорытындысымен таныстырып өтті. Жаз мезгіліндегі сауықтыруға арналған ішаралар бекітілген жоспар бойынша жүргізілгендігін сонымен қатар жаз мезгілінде балалардың күнделікті күн тәртібі қадағаланып отырылғандығын айтты. Жалпы жаз маусымы барысында атқарылған жұмыстар санитарлық талапқа сай орындалғанын айта келе өз есебін аяқтады.

III. Тыңдалды.

Бөбекжай менгерушісі Э.Бегалиева жаңа 2023-2024 оку жылының әдістемелік нұсқаулық хат, үлгілік оку бағдарламасы, үлгілік оку жоспарымен таныстарып және 2023-2024 оку жылына бөбекжай-бақша міндеттеріне талдау жасап бекітті. Күн тәртібін, Ұ.і.ә кестесін, тәрбиешілер мен пән мұғалімдерінің іс-құжаттарын, дамыту орталықтарын құрамын бекітті.

Аттестация комиссиясының құрамын, шығармашылық топ мүшелерін сайлады.

IV. Тыңдалды.

Бөбекжай әдіскері сөз кезегін алды. Балалар жас ерекшелігіне қарай 6 топқа топтастырылды. Топтарға жетекші тәрбиешілер бекітуге ұсынылды.

«Еркетай» кіші тобы Тәрбиешісі: Сакибекова.Б

«Айгөлек» ортаңғы тобы. Тәрбиешілер: Тастанбекова.Х. Салыбек.Г.

«Ботақан» ортаңғы тобы. Тәрбиешілер: Абдиразакова.Д

«Балапан» ортаңғы тобы. Тәрбиешілер: Сатимова.А. Асылбаева.И.

«Күншуак» ересек тобы. Тәрбиешілер: Жаппаркулова.Г. Джаппарова.А.

«Қарлығаш» мектепалды даярлық тобы. Тәрбиешілер: Манибаева.А

Тажибекова.Р.

Шешім:

1. «Қазына» бөбекжай менгерушісі Э.А.Бегалиеваның жылдық есебі қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. Медбике Д.Рахманованаң жазғы сауықтыру кезеңіндегі жұмысы бойынша есебі қанағаттанарлық деп есептелсін.
3. 2023-2024 оку жылына арналған бөбекжай-бақшасының жылдық міндеттері бекітілсін.
4. Күн тәртібі, Ү.I.Ә кестесі бекітілсін.
5. Дамытушы орталықтары бойынша бөлінген педагогтер бекітілсін.
Аттестация комиссиясының құрамы бекітілсін.
Төрайымы- Бегалиева.Э.А.

Кеңес мүшелері- Тулендиева.А. Тастанбекова.Х. Манибаева.А

Кеңес хатшысы- Жаппаркулова.Г.

6. Сараптамалық кеңестің құрамы бекітілсін.

Төрайымы-Бегалиева.Ә.

Кеңес мүшелері- Тулендиева.А. Сатимова. Манибаева.А.

7. Ата-аналар комитетінің төрайымы-Бимурзаева.З

Дене шынықтыру нұсқаушысы – Қалдыбек.А.

Ата-ана -Тулендиева Айнұр

8. Шығармашылық топ бекітілсін.

Жетекшісі- Тулендиева.А

Мүшелері: Тастанбекова.Х

Сатимова.А

Абдиразакова.Д

Сакибекова.Б

Хатшы: Джаппарова.А.

- 9.Хатшылар бекітілсін.

Педагогикалық кеңестің хатшысы- Жаппаркулова.Г.

Менгеруші жанындағы кеңестің хатшысы- Жаппаркулова.Г

Өндірістік жиналыс хатшысы- Жаппаркулова.Г.

10. Шығармашылық топ хатшысы- Джаппарова.А
11. Семинарлар, кеңестер хатшысы- Джаппарова.А.
12. Мамандардың жұмыс кестелері бекітілсін.
13. Тәрбиешілірді топ бойынша орналастыру бекітілсін.

Кеңес төрайымы:  Бегалиева.Э.А

Кеңес хатшысы:  Жаппаркулова.Г.

«Қазына kz» бөбекжай-бақшасы»

№2 Педагогикалық кеңес отырысының хаттамасы

Өтілген күні-08.11.2023ж

Қатысқандар-17 педагог қызметкер

Күн тәртібінде:

1. №1 Педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы.

Менгеруші: Бегалиева.Э.А.

2. Балалардың дене шынықтыруға дайындығы мен физикалық дамуының талдауы.

Дене шынықтыру нұсқаушысы: Қалдыбек.А

Тәрбиешілер: Сатимова.А Абдиразакова.Д

3. Оку тәрбие жұмыстарында ойындарды қолдану.

Дидактикалық ойын арқылы баланың тілін дамыту.

Тәрбиешілер: Манибаева.А. Жаппаркулова.Г.

I. Тыңдалды

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай менгерушісі Э.Бегалиева №1 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуына талдау жасап, қанағаттанарлық деп тапты.

II. Тыңдалды

Кезектегі мәселе бойынша А.Қалдыбек сөз кезегін алды. Бөбекжайда балалардың дене шынықтыруға деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында көптеген жұмыстар атқарылып жатқандығын айтты. Кіші топтарға оқиғалы және оқиғасыз қозғалыс ойындары жүргізіледі. «Маған қарай жүгір», «Өз орныңды тап», орта топтарға «Ұшқыштар», ересек топтарға «Шарларды домалату», «Мысық пен тышқан», атты ойындар қарапайым әдіспен ойнатылатынын айта келе нәтижелеріне мысал келтіріп өтті.

Сөз алды:

«Балапан» ортаңғы топ тәрбиешісі А.Сатимова сөз алды. Ортаңғы топта күнделікті таңертеңгі жаттығулар ұйымдастырылады. Таңертеңгі жаттығулар жиыны әр айда екі рет ауыстырылады. Жаттығуларды орындау алдында

балалардың денесінің икемділігін дайындау үшін, шеңбер бойлап түрлі қалыпта жүру, жаттығулар орындалады. Бірінші бас, йық қол бұлшықеттері. Екінші бел, кеуде бұлшықеттеріне. Үшінші тізе, аяқ бұлшықеттеріне жасалыныды, әрбір жаттығулар 4-5реттен қайталынады.

«Ботақан» орта тобының тәрбиешісі Д.Абдиразакова сөз алды. Тәрбиеші өз тобы бойынша балалардың физикалық дамуына талдау жасады. Аптасына 3-рет денешынықтыру іс-әрекетінің өтетіндігін және күнделікті таңертеңгі жаттығулар орындалатынын сонымен қатар жылдың сүйк мезгілінде бөлмеде, жылы мезгілінде таза ауада өтілетінін және күннің екінші жартысында көңілді, қызықты, қымылды ойындар ұйымдастырылатынын айтты.

III. Тыңдалды.

Күн тәртібінің кезекті мәселесі бойынша «Қарлығаш» мектепалды даярлық тобының тәрбиешісі Манибаева. А «Дидактикалық ойын арқылы баланың тілін дамыту» тақырыбын басшылыққа алып тобында жүргізілген жұмыстарын баяндады. Тәрбие баланың өмірге келген сәтінен басталады. Мектеп жасына дейінгі баланы дамытатын, өсіретін әрі тәрбиелейтін негізгі іс-әрекет ойын. Ойын арқылы бала өзін қоршаған ортамен табиғатпен адамдардың қарым қатынастарымен дамиды, танысады. Ойын арқылы баланың болашаққа көзқарасы қалыптасады. Қандай ойынның түрі болсын баланың ой-өрісін дамытатады, сөздік қорын молайтады, адамгершілік қасиеттерін қалыптастырады. Қиялдау ойлау, есте сактау қабілеттерін жетілдіреді. Дидактикалық ойындарды тиімді пайдалануының арқасында балалардың таным қабілеті, логикалық ой-өрісі кеңіп, іс-әрекетіне ынталарының артқандығын айтты.

Математика іс-әрекетінде көбіне дидактикалық ойындарға ерекше көңіл бөлетіндігін айта кетті. «Қандай сан қалып қойды?», «Көрші санды айт», «Аз ба көп пе?», «Көңіл күйді көрсет» атты дидактикалық ойындарды пайдалатындығын және «Ойнайық та ойлайық» тақырыбында өтілген іс-әрекетіне тоқталып, балаларының белсенділігі мен іс-әрекеттері балаларға пайдалы, қызықты болғандығын айта кетті.

Сөз алды:

«Күншуақ» ересек тобының тәрбиешісі Г.Жаппаркулова өз сөзінде мен күнделікті іс-әрекеттерінде дидактикалық ойындарға ерекше көніл бөлемін қызықты жаттығулар шығармашылық тапсырмалыр т.б іс-әрекеттерде көбіне жұмбақтарды пайдаланып, өлеңдер, тақпактар таңдатамын. Логикалық ойлауға арналған тапсырмаларға мақалдардан, қанатты сөздерден өртегілерден және де сергіту сәтінен топтама жасаймын. Ретімен санауға жаттықтыратын ойындарды көптең пайдаланамын деді.

Шешім:

1. Бебекжайдағы дене шынықтыру түрлері күн тәртібі бойынша сауықтыру шаралары, таңертенгілік жаттығу, қымыл қозғалыс ойындары, спорттық ойындар, түрлі эстафеталық жарыстар талапқа сай жүргізілсін.
2. №1 Педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы талапқа сай деп тбылсын.
3. Балалардың 5 дағды бойынша іс-әрекеттерін ойын арқылы дамыту жұмыстары жүйелі жүргізілсін.

Топтарда логикалық дидактикалық, ұлттық ойындардың топтамалары жинақталсын.

Кеңестің төрайымы:

Бегалиева.Ә.А.

Кеңес хатшысы:

Жаппаркулова.Г.



«Қазына kz» бөбекжай-бақшасы»

№3. Педагогикалық кеңес отырысының хаттамасы.

Өтілген күні: 10.01.2024ж.

Қатысқандар-17 педагог қызметкер

Күн тәртібі:

Тақырыбы: Топтағы адамгершілік-рухани тәрбиенің маңыздылығы»

1. №2 Педагогикалық кеңес отырысы шешімінің орындалуы.

Менгеруші: Бегалиева.Ә

2. Рухани адамгершілік тәрбиенің негізін қалау, әсемдікке баулу.

Тәрбиеші: Сатимова.А.

3. Салыстырмалы бақылау. Балалардың мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуудың үлгілік оқу бағдарламасын менгеруінің аралық мониторингінің қорытындылары.

Әдіскер: Тулениева.А.

I. Тындалды.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай менгерушісі Э.Бегалиева өткен педагогикалық кеңес шешімінің орындалуына тоқталып өтті. Балалардың 5 дағды бойынша іс-әрекеттерін ойын арқылы дамыту жұмыстары және топтардағы тәрбиешілердің ұйымдастыруымен логикалық, дириктоказиалық топтамаларының жинақталғанын айта келе тәрбиешілерден алдағы уақытта педагогикалық процесті ұйымдастыруға қоятын талаптардың орындалуын және үнемі ізденіп, шығармашылық жұмыстармен айналысу керектігін талап етті.

Кеңес шешімінің орындалуын талапқа сай екендігін айтты.

II. Тындалды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша «Балапан» орталғы тобының тәрбиешісі А.Сатимова рухани адамгершілік тәрбие бойынша жасап жаткан

жұмыстарын баяндады. Рухани адамгершілікке тәрбиелеу білім берумен ғана шектелмейді. Баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі жан дүниесін ояту нәтижесінде оның рухани адамгершілік қасиеттері қалыптасады. Өз тобында «Мен адаммын», «Қарым-қатынас қуанышы», «Адамгершілік әліппесі», «Мен және достарым» атты тақырыптарда арнайы дайындалған әдістемелік күралдармен түсіндірме жұмыстарының жүргізіліп, балалар мен үлкендер арасындағы саналы қарым қатынас, тұрмыстық қарапайым ережелерін орындау көнпейілділік, қарапайымдылық, жақын адамдарға қамқорлықпен қарау керек екендігін түсіндіріп отыратынын айта көле, адамның адамгершілігі жақсы ұстаздан деген қағиданы үнемі менің ұстанымым екенін айтқым келеді деген сөзімен өз сөзін аяқтады.

III. Тындалды.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері А.Тулендиева сөз алып, балалардың мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку бағдарламасын менгеруінің аралық салыстырмалы бақылау мониторингінің қорытындысын жасады.

«Еркетай» кіші тобы-25 бала. I-62%-16 бала, II-28%-7 бала, III-8%-2бала

«Айгөлек» орта топ-24бала. I-58%-14бала,II-32%-8бала, III-10%-2бала

«Ботақан» орта топ-25 бала. I-64%-16 бала, II-24%-6бала, III-12%-3бала


«Балапан» орта топ-25бала. I-60%-15бала, II-28%-7 бала,III-8%-3бала

«Күншуак» ересек топ-23 бала. I-64%-16бала,II-26%-6бала,III- 14%-3бала

«Қарлығаш» МАД топ-23бала. I-84%-19бала,II-8%-2бала,III-8%-2бала

Шешім:

- 1.№2 Педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы талапқа сай деп табылсын.
2. Рухани адамгершілік тәрбиесін басшылыққа алып жүргізіліп жатқан жұмыстар жалғасын тапсын.
3. Балаларға рухани адамгершілік тәрбие беруде ата-анамен бірлескен жұмыстарға көбірек көніл бөлінсін.
4. Үлгілік оку бағдарламасын менгеруінің аралық мониторингінің қорытындылары жақсы деңгейде деп табылсын.

Кеңес отырысының тәрайым:  Бегалиева.Э.А.

Кеңес хатшысы:  Жаппаркулова.Г.

«Қазына kz» бөбекжай-бақшасы»

№4 Педагогикалық кеңес отырысының хаттамасы.

Өтілген күні: 13.03.2024 ж

Қатысқаны-17 педагог қызметкер

Күн тәртібі:

Тақырыбы: «Баланың танымдылығын арттыру шығармашылыққа баулу, ойын арқылы ой өрісін арттыру».

1. №3 Педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы.

Менгеруші: Бегалиева.Ә

2. Ересек, ортаңғы топтарда танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту.

Тәрбиешілер: Джаппарова.А

Сатимова.А.

3. Халық педагогикасын іс-тәжірибеде қолдану жолдары.

Тәрбиеші: Абдразакова.Д

I. Тындалды.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай менгерушісі Э.Бегалиева

№3 Педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалу деңгейіне талдау жасап, талапқа сай орындалғанын айттып өтті.

II. Тындалды.

Күн тәртібіндегі кезекті мәселе бойынша «Күншуақ» ересек топ тәрбиешісі Джаппарова.А. сөз кезегін алғып, өз тобы балаларымен танымдық зияткерлік дағдыларды дамыту бойынша атқарылып жатқан жұмыстарына мәлімдеме жасады. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және математика негіздері ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асырылады. Балалар 5 көлемінде санай алады, сандарды ретімен атайды. Заттың ұзындығы, ені және биіктігі, жуандығы бойынша салыстыра алады. Геометриялық фигуralарды және геометриялық денелерді ажыратып айта алады. Тәулік бөліктерін

(таңтерен, күндіз, кеш, тұн) олардың сипаттамалар ерекшеліктері мен реттіліктері «бұғін», «кеше», «ертен» туралы ұғымдарын балалар жақсы біледі. Жалпы алғанда танымдық қызығушылықты дамыту бойынша жұмыстар жалғасын табады деген сөзімен өз мәлімдемесін аяқтайды.

III. Тындалды.

Күн тәртібінің келесі мәселесі бойынша тәрбиеші Д.Абдразакова сөз алды. Ол өз сөзінде халқымыздың тарихы мен салт-дәстүрлерін асыл мұратымызды біліп оны қастерлеу әрқайсымыздың перзенттік парызымыз күнделікті ойын, сабак, ертеңгілік, бақылау кезінде өткізіп отырады. Мысалы айналамен таныстыру, сурет, жапсыру, мүсіндеу іс-әрекеттерінде балалар қошқар мүйіз, құс тұмсық, құс қанаты, өрнектерімен танысып, көріп суреттер салып, қағаздан қиып, жапсырып, оюларды атап үйренеді. Сонымен қатар балалар ұлттық тағамдары туралы (шелпек, бауырсақ, айран, шұбат, қымыз) коршаған ортамаен танысу, қазақ тілі, сурет салу, жапсыру, оқу іс-әрекеттерінде айта алады. Алдағы мақсатым балаларға аби кезінен халық мұраларын, салт дәстүрін, өз жерін қастерлеуді үйрету, олардың ертен өз елінің нағыз азамматтары болып өсуіне қосқан үлесім деп өз сөзін аяқтады.

Шешім:

- №3 Педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы талапқа сай деп табылсын.
- Танымдық зияткерлік дағдыларды дамыту жұмыстары жалғасын тапсын.
- Ұлттық құндылықтарды оқу-тәрбиесінде қолданудың жаңа үрдістері қолға алынын. Топтарда ұлттық бұрыштар ұйымдастырылып, безендірілсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы:  Бегалиева.Э.А

Педагогикалық кеңес хатшысы:  Г.Жаппаркулова

«Қазына kz» бөбекжай-бақшасы»

№5. Педагогикалық кеңес отырысының хаттамалары

Өтілген күні: 27.05.2024ж

Катысқаны: 17 педагог қызметкер

Күн тәртібі

Тақырыбы: Оқу жылдарының қорытындысы. Жаңа оқу жылдарының жұмыс бағытын анықтау.

1. №4 Педагогикалық кеңес отырысы шешімінің орындалуы.

Менгеруші: Бегалиева.Ә

2. Жазғы сауықтыру іс-шараларының жоспарын түзу, бекітуге ұсыну.

Әдіскер: Тулениева.А.

3. Оқу жылдарының қорытындысы.

Менгеруші: Бегалиева.Ә.

Корытынды мониторинг есебі.

Тәрбиешілер.

I. Тындалды.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай менгерушісі өткен кеңес шешімдерінің орындалуына тоқталып, жасалған жұмыстардың қанағаттанарлық деңгейде екенін айтты. Сонымен қатар мамыр айының бүгінгі күн тәртібімен таныстыруды.

II. Тындалды

Күн тәртібіндегі кезекті мәселе бойынша әдіскер А.Тулениева сөз алды. Ол өз сөзінде 2023-2024 оқу жылдарының жаз мезгіліндегі балалар өмірін сауықтыруды ұйымдастыруға арналған жұмыс жоспарымен таныстырып өтті. Жаз кезеңіндегі бөбекжайдың қызметін реттейтін құжаттардың ретімен жаз маусымының білім беру саласы бойынша жүргізілетін жұмысының бағытымен таныстыруды. Жаз маусымының күн тәртібін, оқу іс-әрекет кестесін, тәрбиешілердің іс-құжаттарын бекітуге ұсыныс жасады. Бөбекжайда жазғы сауықтыру жұмысын сауатты ұйымдастыру балалардың физикалық және

психикалық денсаулығын нығайтуға, олардың қызығушылықтарын дамытуға, ондай ақ ата-аналарға қажетті кеңес беруге әдістемелік көмектер берілетінін айтты. Шынықтыру іс-шараларын санитарлық талаптардың сақталуын балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жоспарлы жұмыстардың жүргізуіне бақылау жасалатындығын айта өтті. Жалпы жаз маусымының маусым, шілде, тамыз айларда атқарылатын жұмыстардың жоспарларына жеклей тадау жасап, бекітүге ұсыныс жасады.

III. Тыңдалды

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша бөбекжай менгерушісі Э.Бегалиева сөз алды, оку жылдарының қорытындысы туралы баяндады. Бөбекжай мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку басқармасының талаптарын басшылыққа ала отырып жұмыстар атқарылды. Жыл бойы іс-әрекеттер, дәстүрлі мерекелерге қатысты ертеңгіліктер, спорттық іс-шаралар, әдістемелік кеңестер, үйірме жұмыстары, әкімшілік тарапынан өтілетін кеңес отырыстары жұмыс жоспарына сәйкес өткізілді. Тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің жетістіктеріне тоқталып өтті. 2023-2024 оку жылы жоспарының алға қойған мақсат, міндеттері талапқа сай орындалды деген қорытынды сөзімен аяқтады.

IV. Тыңдалды

Корытынды мониторинг есебін топтар бойынша тәрбиешілер жасады.	
«Еркетай» кіші тобы-20 бала	Жоғары деңгей-84%
	Орташа деңгей-16%
«Айгөлек» ортағы тобы-25 бала	Жоғары деңгей-85%
	Орташа деңгей-15%
«Ботақан» ортағы тобы-25 бала	Жоғары деңгей-86,6%
	Орташа деңгей-13,4%
«Балапан» ортағы тобы-25 бала	Жоғары деңгей-84%
	Орташа деңгей-16%
«Күншуак» ересек тобы- 25 бала	Жоғары деңгей-85%
	Орташа деңгей-15%
«Қарлығаш» МАД тобы-25 бала	Жоғары деңгей-83,2%

Орташа деңгей -16,8%

Шешім.

1. №4 Педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы жақсы деңгейде деп табылсын.
2. Жаз мезгілінің жұмыс жоспары бекітілсін.
3. Оқу жылының қорытынды есебі үлгілік оқу жоспарының талаптарына сай деп есептелсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы:  Бегалиева.Э

Педагогикалық кеңес хатшысы:  Джаппарова.А



**«Қазына kz» бөбекжай-бақшасында кезектен тыс өткізілген педагогикалық
кеңестің хаттамасы**

Өткізілген күні: 16.07.2024 жылы

Катысқандар саны: 17 педагог қызметкер

Күн тәртібінде:

1. «Қазына kz» бөбекжай-бақшасының жұмысты бағалау нәтижесімен мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің үлгілік оку бағдарламасы іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалау бойынша таныстыру.
2. Бағалау өлшемшарттарынына сәйкес «Қазына kz» бөбекжай-бақшасының өзін-өзі бағалау қорытындысымен таныстыру.

Менгеруші: Бегалиева.Э.А

I. Тындалды:

Бөбекжай-бақша менгерушісі Бегалиева Эльвира Абдуалиевна педагогикалық кеңесті ашық деп жарияладап, күн тәртібімен таныстыруды.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша балабақша менгерушісі Бегалиева.Э.А балабақшаның өзін-өзі аттестаттаудан өткізуудің қорытындысы туралы айтты. Өзін-өзі аттестаттаудың комиссия мүшелері балабақшаның 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оку жылдарындағы құжаттарымен танысып, сараптаулар жасады. Оку жоспарына сәйкес балабақшаның жұмыстары аттестаттауға лайықты екенін айттып етті.

Сөйлемді:

Балабақша әдіскері Тулениева Арайлым балабақшадағы жүргізілген оку-тәрбие жұмыстары жоспарға сай, өз деңгейінде жүргізіліп отырғаны айтты.

Балабақшадағы оку-тәрбие жұмыстары «Мектепке дейінгі Үлгілік оку бағдарламасы» сәйкес жүзеге асады. Педагогтар іс-әрекеттері бойынша перспективалық жоспар, циклограмма жоспарлары бар. Сондай ақ балалардың

біліктері мен дағдылары бойынша мониторинг жүргізілген. Балалардың жеке даму картасы толтырылған.

Балабақшада 145 бала тәрбиеленеді. 6 топқа топтастырылған. Жас ерекшелігіне қарай «Еркетай» кіші тобы, «Айгөлек» ортаңғы тобы, «Ботақан» ортаңғы тобы, «Балапан» ортаңғы тобы, «Күншуақ» ересек тобы, «Қарлығаш» мектепалды даярлық топтары бар. Балабақша бөлмелері талапқа сай жасақталып, безендірілген. Үлгілік оқу жоспарына сай сабак кестесі, күн тәртібі бекітілген. Балалардың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша жылына Зрет мониторинг жүргізіледі. Бастапқы қыркүйек айында, аралық қаңтар айында, қорытынды мамыр айында. Мониторинг нәтижесі бойынша баланың жеке даму картасы жүргізіледі. Нәтижесі төмен балалармен жеке жұмыс жүргізіп отырды.

Оқу тәрбие жұмыстары балабақшаның жылдық жопарына сәйкес уақытылы өтіліп отырды. Ата-аналармен бірлескен іс-шаралар, ертеңгіліктер, жәрменеке, байқаулар, жиналыстар өтіліп отырған.

2023-2024 оқу жылында балабақша тәрбиеленушілері балабақшайшілік, аудан көлеміндегі көптеген байқауларға қатысып мадақтамалармен марапатталды.

Сөз алды.

Сатимова Алтынгүл өз тобымен атқарылған жұмыстары туралы сөз сөйледі. Балабақшадағы оқу-тәрбие жұмысы жылдық жоспарға сәйкес жүргізілді. Ертеңгілік, байқаулар, мектеп пен балабақша арасындығы байланыс жоспары менгерушімен бекітіліп, талап бойынша жүргізіліп отырды. Жоспарда іс-шаралар талапқа сай қамтылған.

Тәрбиеші Манибаева Айгүл топтардағы дамытушы орталардың безендірілуін айтты. «Балабақшаның топтарында баланы дамытуды қамтамасыз ететін дамытушы орталар, балалардың ата-дәстүр, салттарын біліп менгеруіне әсер ететін ұлттық бұрыштары толық қымтылған. Барлық топтарда ата-аналар бұрыштары, табиғат бұрыштары жабдықталған.

Сөз алды балабақша медбикесі. Рахманова Дина балабақшадағы санитарлық-гигиеналық талаптарға сай, ережелер сақталғанын, бебекжай-бақша ғимаратының санитарлық-эпидемиологиялық бақылау мекемесінің, өртке қарсы қауіпсіздік

мекемелерінің қорытындылары мен балаларға медициналық қызмет көрсету және тамақтандырумен қамтамасыз етілгенін растьайтын мақсаттары талаптарға сәйкес келетіндігін айтты. Балабақшада балалар 4 мезгіл тамақтанады. Барлық тамақтар талапқа сай балғын түрінде жеткізіледі.

Балабақшадағы медициналық бөлмесі медицаналық бөлмесі керекті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Күн тәртібі және балалардың тамақтану барысы жүйелі сақталған. Жұқпалы аурулардан сақтану, болдырмау шаралары және сауықтыру-шынықтыру жұмысы жоспарлы түрде жүргізілуде.

Комиссия мүшелері бірауыздан балабақша аттестатауға лайықты екенін айтып мақұлдады.

Анықталған кемшіліктегі:

1. Балаларға шығармашылық зияткерлік байқауларға қатысады ұйымдастыру.
2. Біліктілік санаттарының деңгейін арттыру және растау бойынша педагог әрдайым ізденисте болып алдын-ала қамдану қажеттілігін қолға алу.

Кезектен тыс өткізілген педагогикалық кеңестің қорытындысы
«Қазына kz» бебекжай-бақша өзін-өзі аттестаттауға лайықты деп бағалансын.

Балабақша менгерушісі:

Бегалиева.Э.А

Хатшы:

Джаппарова.А.Ж

